

ЖСӨАТЯСА

шұғыласты

№17 (8905)
жұма 29 сәуір
2022 ЖЫЛ

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XXIII СЪЕЗІНЕ ҚАТЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев съезд делегаттарына мемлекет пен қоғамды түбегейлі жаңарту үдерісі басталғанын айтты. Президенттің пікірінше, «Аманат» осы жүйелі өзгерістерге белсене атсалысып келеді. Сонымен қатар партияның қолға алынған реформаларға жан-жақты қолдау көрсетіп, «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын тиімді жүзеге асыруға қосып жатқан үлесіне тоқталды.

«Аманат» әлеуметтік әділдік қағидатын орнықтыруға әрдайым баса мән береді. Мемлекеттілікті нығайту және ел бірлігін бекемдеу – ұйымның айрықша миссиясының бірі. Өткен съезде партияға ребрендинг жасау қолға алынды. Сондай-ақ, оны институционалдық тұрғыдан жаңарту жұмысы басталды. Партия бұл міндеттерді орындауға дереу кірісіп кетті. Нақты нәтиже бар, өзгерістерді қазірдің өзінде көріп отырмыз. Осы қарқынды бәсеңдетпей, жұмысты одан әрі жалғастыру керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент наурыз айының ортасында Қазақстан халқына арнаған Жолдауында саяси реформалардың ауқымды бағдарламасын ұсынғанын еске салды. Сонымен қатар бірден Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасын дайындау жөнінде ауқымды жұмыс басталғанын, онсыз жоспарланған саяси реформаларды тиімді жүзеге асыру мүмкін емес екенін атап өтті.

Конституциялық реформаның мақсаты – елімізді саяси тұрғыдан одан әрі жан-жақты жаңғыртудың берік іргетасын қалау. Өткен аптада Конституциялық кеңеске түзетулер жобасы жолданды. Оның қабылдануы мемлекеттік институттарды құрудың және қызметінің мүлде жаңа үлгісін – Жаңа Қазақстанды құруға мүмкіндік береді. Азаматтар тарапынан: «Жаңа



Қазақстан дегеніміз не?», - деген сауал жиі қойылып жүр. Менің ойымша, бұл сұраққа қысқа да нұсқа жауап беруге болады. Жаңа Қазақстан дегеніміз – шын мәнінде Әділетті Қазақстан. Азаматтарға әлеуметтік әділдік жетіспейтінін мойындайықшы. Қарапайым халықтың мүддесі үнемі елене бермейді, кейде, тіпті әділетсіздік мемлекеттік аппарат өкілдері тарапынан да жасалып жатады. Азаматтардың мемлекеттік мекемелерге сенімсіздігі осыдан туындайды. Сондықтан «Аманат» партиясының алдында осы олқылықтардың орнын толтыру міндеті тұр. Азаматтық қоғам мен билік арасындағы дәнекер болу үшін сіздер халық өкілдерімен етене жұмыс істеулеріңіз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар елдің бүкіл

саяси архитектурасын кешенді түрде қайта қарауға, билік тармақтары арасындағы тежеу мен тепе-теңдіктің неғұрлым теңгерімді жүйесін құруға бағытталғанын айтты. Президенттің пікірінше, біз суперпрезиденттік басқару түрінен түбегейлі бас тартамыз, Парламент пен мәслихаттардың өкілеттігін күшейтеміз. Партиялық-саяси жүйені жаңғырту – басым бағыттың бірі.

Мемлекет басшысы партиялар мен сайлау туралы заңнамаларды либерализациялау қоғамның рөлін күшейтеді. Бұл – биліктің барлық деңгейінде қабылданатын шешімдеріне қатысты. Президенттің пайымынша, азаматтардың дауысы үшін бәсеке күшейіп, саяси үдерістердің қарқыны мен мазмұны өзгереді.

2-бет

ҚҰРМЕТТІ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күні біз баға жетпес байлығымызды – туған ел игілігі жолындағы ырысты ынтымағымызды дәріптейміз.

Біздің барлық жетістіктеріміз бен жеңістеріміздің мызғымас тұғыры – татулық пен тұтастық. Түрлі ұлт өкілдері бір шаңырақтың, бір тудың астынан табылып, бүгінгідей еңселі ел, іргелі мемлекет атандық.

Түсіністік пен тұрақтылық – әрбір азамат атсалысып, әркімнің үлес қосуын талап ететін қастерлі құндылық. Осынау ақиқатты қалтқысыз ұғыну Отанымыз – Қазақстан Республикасында ұдайы бейбітшілік пен берекенің салтанат құруына септігін тигізеді.

Қоғамымызда қазіргі кезде қолға алынып жатқан жүйелі жаңғыру үрдістері бірлігіміздің нығая түсуіне ықпал етіп, жаңа белестерді бағындыруымызға жол ашар деп сенемін.

Баршаңызға зор денсаулық, еңбектеріңізге табыс, әр шаңыраққа шаттық пен бақ-береке тілеймін!

Ізгі ниетпен,
Рустам АЛИ,
Ескелді ауданының әкімі.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА!

От всей души поздравляю вас с праздником единства народа Казахстана!

В этот день мы воздаем должное бесценному достоинству – созидательной дружбе наших граждан во благо родной земли.

Единство и сплоченность народа являются прочным фундаментом всех наших достижений и побед. Мы стали уважаемым и сильным государством, благодаря взаимопониманию разных этносов нашей страны, сплотившихся в единое целое под сводами казахстанского шанырака.

Стабильность и согласие – это непрерывный процесс, требующий от каждого из нас пристального внимания и участия. Понимание этой важной истины способствует гармонии мира и добра в нашем общем доме – Республике Казахстан.

Уверен, что начавшееся системное обновление общества поможет укрепить корни нашего единства и станет основой для наших новых великих свершений.

Желаю всем крепкого здоровья, успехов в труде, счастья и процветания каждой семье!

С уважением,
Рустам АЛИ,
аким Ескельдинского района.



Балалар
жылы
2022

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ ІС-ШАРА ЖОСПАРЫ БЕКІТІЛДІ

Ел үкіметінің үстіміздегі жылдың 20-наурызындағы №148 қаулысымен Балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Балалар жылын өткізу жөніндегі облыстық іс-шаралар жоспары 7 бөлімнен: «Білімді бала», «Отбасы-қауіпсіз мекен», «Дені сау бала», «Жетімсіз ел», «Жайлы мекен», «BalaQORGAY», «Bala_TIME.KZ» тұрады. Балалар жылында балалардың сапалы білім алуға, толықанды қосымша білім алуға, денсаулығын нығайтуға және қорғауға, адамгершілік-рухани құндылықтарды насихаттауға, балалар үшін қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралармен қамтиды.

SPORT

АУДАН ТӨРІНДЕ ЖАС АТЛЕТТЕР АТОЙ САЛДЫ

Дана халқымыз «басты байлық-денсаулық» деп бекер айтпаса керек.

Бүгінде жастардың дене шынықтырумен айналысуының ең басты мақсаты салауатты өмір сүру салты екені мәлім. Қарапайым дене бітімінің келбетті болуына жастайынан шынығу себеп. Десек те орта жасқа келіп жеңіл атлетикамен айналысып, дене бітімді бір мезетте түзеп аламын деу әрине қиынсыз. Ол үшін жастайынан, бала кезінен, мектеп кезінен бастап деннің саулығына, сергектігіне, ширақтыққа, шапшаңдыққа және дене бітімінің қалыпты өсіуіне жеткілкті көңіл бөлінуі керек. Ол әрине үлкендердің міндеті. Жасөспірімдерді зиянды әдеттерден аулақ ұстап, салауатты өмір салтына итермелейтін дүние-ол спорт. Өр баланың спортта өзіндік таңдауы бар. Дегенмен әрбір жас буынды сүйсіндірген спорт ең алдымен жеңіл атлетикадан бастау алады. Жеңіл атлетикадағы жүгіру, жүру, секіру, лақтыру. Міне бұл баланың дамып жетілуіне нағыз керекті спорттың бірі.

26-сәуір күні Ескелді жері, Қарабұлақ



ауылының орталық стадионында жеңіл атлетикадан 2003-2010 ж.т. жасөспірімдер арасында облыстық чемпионаттың ашылу салтанаты өтті. Сайысқа барлығы 2 қала мен 13 ауданнан 150 спортшы қатысып жатыр. Дүбірлі доданың шымылдығын Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының, Олимпиадалық спорт түрлері, спорттық резервтер мен қызметтер көрсету бөлімінің басшысы Саят Сарқытов, Ескелді ау-

даны әкімінің орынбасары Жұмағұл Әлімбаев, сайыстың бас төрешісі Алматы облысы жеңіл атлетика федерациясының президенті, Жеңіл атлетикадан Алматы облысының аға жаттықтырушысы Еркен Селбосынов ашты. Алыс аудандардың спортшыларын бір ортаға жинаған жеңіл атлетика додасы 3-күнге созылады. Жастайынан спортты сүйген саңлақтарға сәттілік тілейміз!

Арай ӘЛІМЖАНОВА

БҰРЫМДЫ БЫЛҒАРЫ ҚОЛҒАП ШЕБЕРІ

Ең алғаш рет Еңбекшіқазақ ауданында өткен жарыста доғаға түстім. Айтулы



аймаққа 2 рет табан тіредім. Алғашында жүлделі 3-орын иемденсем, 2-сайыста үздік деп танылдым. Талдықорған қаласында өткен бірнеше жарыста бой көрсетіп, облыстық жарыстардың барлығында дерлік жүлделі 1-орын алдым. Мақтаралға барып үздік екенімді дәлелдеп келдім. Иә, Дәкен Смағұлов, Ермахан Ибраимов атындағы өткен додаларға да түсіп, жүлделі 1-орын

ды иемденіп жүрдім. Мен үшін үлкен жетістік болған ол жуырда ғана өткен Азия Чемпионаты. Иорданияда өткен чемпионатта да қазақ спортшыларының үздік екенін дәлелдеп, 1-орын иемденіп қайттым. Осы жеткен жетістіктерімнің барлығы үшін жаттықтырушыма басымды иемін,—дейді Құралай Егінбайқызы. Киелі жерде туған спортшы қыз еліміздің көк туын әуеде желбіретіп, ата-анасының, ұстазының үмітін ақтап, ел намысын шетелде қорғап, биік шыңдардан көрінуді мақсат тұтқан жан. Біз де спорт сүйген аруға толағай табыс тілейміз!

Арай НҰРЖАНҚЫЗЫ



MAITALMAN Қазақ қыздары қай кезде де спортта биік белестерді бағындыра алды. Сол бұрымдылардың қатарында Олимпиада жүлдегерлері де бар. Осы ретте елімізді әлемге танытқан және жат жұртта жүріп-ақ топ жарған қазақ қыздарының тізіміне енген Ескелділік ару туралы сөз қозғамақпыз. Көк туымызды әлемдік аренада желбіретіп жүрген ақылына көркі сай бокс сүйген бөйжеткен Құралай Егінбайқызының бойында сұлулық пен зеректік өзара үйлесім тапқан. Спортқа деген құштарлығы мен сүйіспеншілігі шексіз Құралайдың жасы небәрі 15-те. Бала күнінен киелі Ескелді жерінің көк майса шөбіне аунап өскен қыз бала Сырымбет ауылында тұрады, сол елді мекендегі Жақыпбаев атындағы орта мектептің 9-шы сынып оқушысы.

ЖЕРЛЕСІМІЗДІң МЕРЕЙІ ҮСТЕМ

BOTA Сәуір айының үшінші он күндігінде жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасында облыстық Мағжан Жұмабаев оқулары өтті. Аталмыш байқауға облыстық түкпір-түкпірінен лирик ақынның өлеңдерін нақышында орындаушылар қатысты. Солардың сапында Ескелді ауданының тумасы да бар. Жетісу орта мектебінің оқушысы Нурикамал Жақсылық пен Жалғызғаш мектебінің оқушысы Гүлжанат Қайратқызы қатысқан еді. Ауданның екі өрені де байқаудан құр алақан қайтпады. Раушан Исабаеваның жетекшілігімен қара өлеңнің нәріне сусындап жүрген Н.Жақсылық «Өлеңім менің - Шолпаным, Айым, Күнім» номинациясы бойынша үшінші орынды, Мұратхан Орынтайдың тәлімін алушы Г.Қайратқызы «Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған» номинациясы бойынша екінші орынды қанжығаларына байлады. Жеңімпаздар мен олардың жетекшілерін аудан жұртшылығы атынан ізгі ілтипатпен құттықтаймыз.



Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

ҚАРЫМ МЕН ҚАБІЛЕТТІ АРТТЫРҒАН ЖИЫН



ŞYRAĞDAN Жұырда Ш.Уалиханов атындағы орта мектеп-гимназиясында аудандық білім мекемелерінің көркем еңбек пәнінің мұғалімдері арасында семинар өтті. Мұндағы мақсат - бұл пәннен дәріс беретін мұғалімдердің білімін шыңдау, тәлім-тәжірибесін молайтып, қарым-қабілетті арттыру.

Атаулы жиынның шымалдығын әдіскер А.Қуттыбаева «БИНГО» тренинг әдісі арқылы түрді. Мұнан соң, «Мұғалім шығармашылығын насихаттаудағы әлеуметтік желінің рөлі» тақырыбында Жалғызғаш орта мектебінің ұстазы Ж.Рахимбеков өзінің әлеуметтік жеке блогімен таныстырып, іс-тәжірибесімен бөлісті. Онда сауат һәм нақты ақпарат таратумен,

ой бөлісумен, оқырмандарына қажетті деректермен бөлісу жайын таразылады. Одан соң, «Қиял мен шындық араласқан әлем» тақырыбында семинар тақырыбы бойынша мұғалімдерге түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мұнан кейін мінберге көтерілген Ш.Уалиханов атындағы орта мектеп-гимназиясының мұғалімі Қастер Болатұлы «Шеберлік зертханасы» тақырыбында атаулы пән бойынша атқарған жұмысын ортаға салып, оқушыларды көркем еңбекке баулуға тың тәжірибелерімен бөлісті. Сонымен қатар, тақырып аясында семинарға қатысушы мұғалімдермен жұптық жұмыс жүргізді. Жұптық жұмысқа мұғалімдер белсенді қатысты. Семинар барысында білім бөлімінің әдіскері М.Бодауов «Spacedesk» бағдарламасымен қашықтықтан басқару және Mozaik бағдарламасы цифрлық білім беру және оқыту бағдарламасы бойынша мұғалімдерге түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, қатысушылардың қызығушылықтарын арттырды. Семинар соңында мұғалімдерге «Алақан» әдісі арқылы кері байланыс жасалды. Атаулы жиынның жүйелі әрі келелі өткеніне ұстаздар қауымы разылығын білдіріп, ұйымдастырушыларға алғаусыз алғысын жеткізді.

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

JARAIŞYN Жақында Алматы облысының «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында облыстық Ілияс Жансүгіров оқулары өтті. Байқауға қатысқан аудандық Ілияс оқуларының бас жүлде иегері, Жетісу орта

мектебінің оқушысы Құралай Рыскельдинова (жетекшісі - А.Исабекова) жүлделі 2-орын иегері атанды. Жеңімпазымыз бен оның жетекшісін құттықтаймыз!

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

ДАРЫНДЫ ШӘКІРТ ЖЕТИСТІГІ

ÖRKEN Ескелді ауданы, Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы орта мектебінің 11 сынып оқушысы Сабыр Дильназ - қазақ тілі мен әдебиет пәнінен жалпы пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінің жеңімпазы атанып, өткен аптада өткізілген республикалық кезеңіне қатысып, жүлделі III орынды иеленді. Жетекшісі: Сағимабаева Күлтай Кастеевна.

Дарынды оқушымыз бен жетекшісін шын жүрекпен құттықтап, жаңа жетістіктерге жете берулеріне тілектеспіз!

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

ŞAMŞYRAQ Жақында аудандық білім бөлімінің оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясында «Қазақстан тарихы сабағында контекстік тапсырмалармен жұмыс істеу жолдары» тақырыбындағы семинар өтті. Семинарға аудан бойынша 25 мұғалім қатысты.

Семинар барысында Ж.Жақыпбаев атындағы орта мектебінің мұғалімі З.Ержанова «Тарихи тұлғалар бойынша бойынша контекстік тапсырмалар», М.Мәметова атындағы орта мектебінің мұғалімі Қ.Орунханов «Тарихитұлғалар» контекстік тапсырмалар үлгілері», Титов атындағы орта мектебінің мұғалімі Г.Байтұрбаева «Мән-мәтіндік тест тапсырмаларының үлгілері», Б.Жолбарысұлы атындағы орта мектебінің ұстазы Г.Асылбаева «Мән-

БІЛІМ МЕН БІЛІК АРТТЫРҒАН СЕМИНАР



мәтінмен жұмыс түрлерін ұйымдастыру», С.Сейфуллин атындағы орта мектебінің мұғалімі Қ.Бектемирова «Қазақстан тарихы бойынша контекстік мән-мәтіндерді оқушылармен талдау әдістері» тақырыбында тәжірибелерін ортаға салып, қарым-қабілетімен бөлісті. Әдістемелік

орталық әдіскері М.Бодауов «Spacedesk бағдарламасымен қашықтықтан басқару», «Mozaik бағдарламасы арқылы цифрлық білім беру және оқыту» тақырыбында тәжірибелік жұмыс ұйымдастырды.

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР БАЙҚАУЫ

MÖLDİR BÜLAQ Жұырда аудандық оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Әлем - ерекше балалар көзімен» атты байқауы өтті. Байқаудың мақсаты - мұндай балаларды қоғам өміріне бейімдеу, олардың ойлау қабілетін шыңдау, қабілетін дамыту, өнеріне қолдау көрсету. Негізінен аталмыш шара екі бағыт бойынша өтті: бастауыш сыныптар арасында және орта сыныптар арасында. Байқауға қатысушы ерекше балалар еркін тақырыпта сурет салу және көркем қол өнер бағытында сынға түсті.

Қазылар алқасы барынша әділдікті алға тартты. Мүмкіндігі шектеулі балалардың өнерін бірнеше жағдай бойынша бағалады. Мәселен, жұмыстың өзіндік ерекшелігі, туындының тақырыптық және өзіндік үйлесімділігі, шеберлік пен жұмыстың бірегейлігі, сапасы мен қанықтығы бойынша шыннайы туынды мен шын шебер анықталды.

Байқау қорытындысына сай еркін тақырыпта сурет салу бойынша бастауыш сыныптар арасында Бақтыбай атындағы орта мектептің 3-сынып оқушысы К.Пузиков бас жүлдені иемденсе, 2-орынды Жетісу орта мектебінің 4-сынып оқушысы Ж.Есенғәлі мен Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясының 4-сынып оқушысы А.Халықов меншіктеді. 3-орынды төрт бірдей өнерпаз, атап айтқанда Жақыпбаев атындағы орта мектептің 1-сынып оқушысы Р.Алипбаев, М.Мәметова атындағы орта мектептің 2-сынып оқушылары Сырым Сәлиев пен Сымбат Сәлиевтер, Бақтыбай атындағы орта мектептің 2-сынып оқушысы Б.Заманбек қоржынына салды. Осы бөлім бойынша орта сыныптар арасында көш басын М.Мәметова атындағы орта мектептің 6-сынып оқушысы А.Хамит бастап, 2-орынға Жетісу орта мектебінің 8-сынып оқушысы Д.Құрмаш, Бақтыбай атындағы орта мектептің 5-сынып оқушысы Б.Рамазан жайғасса, үздік үштік Рүстембек атындағы орта мектептің 8-сынып оқушысы Д.Шері, Балпық би атындағы

орта мектептің 8-сынып оқушысы М.Несіпқазынов түйіндеді. Байқаудың екінші бөлігі көркем қол өнер байқауында бастауыш сыныптар арасында М.Мәметова атындағы орта мектептің 4-сынып оқушысы Н.Әбдібек бас бәйгені қанжығасына байласа, 2-орынды Бақтыбай атындағы орта мектептің 1-сынып оқушысы Е.Иманбала мен Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясының 2-сынып оқушысы Н.Мұрат өзара бөлісті. Үздіктер көшін Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясының 2-сынып оқушысы Ш.Смағұлқызы түйіндеді. Аталмыш бөлім бойынша орта сыныптар арасында Бақтыбай атындағы орта мектептің 5-сынып оқушысы Т.Уманов шашасына шаң жұқтырмаса, Титов атындағы орта мектептің 5-сынып оқушысы Е.Қажайұлы мен Жетісу орта мектебінің 7-сынып оқушысы жеңістің екінші сатысына жайғасты. Ал, Бақтыбай атындағы орта мектептің 5-сынып оқушысы А.Баймуринов пен Бақтыбай атындағы орта мектептің 9-сынып оқушысы Д.Ахметов үшінші орынды меншіктеді.

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

